

Қозғыштықтың өлшемдері

1. Қозу табалдырығы – қозу үрдісін (яғни минималды жауап реакциясын) тудыратын тітіркендіргіш күшінің ең аз мөлшерін айтады.
 - Реобаза – қозу тудыратын токтың минималды күші (Вольт).
2. Пайдалы уақыт – табалдырық күшпен әсер еткенде қозуды тудыратын ең аз уақыт.
3. Хронаксия – тінді қоздыратын екі реобазаға тең күш әсерінің ең қысқа уақыты.
4. Аккомодация – қозғыш тіннің ток күші үдеуіне бейімделуі. Күш үдеуінің ең аз уақытымен өлшенеді.
5. Лабилдік – тітіркендіру жиілігіне сәйкес бір секунд ішінде пайда болатын қозудың ең жоғарғы (максималды) санын айтады.
 - жүйке тіні: - 500-1000 имп/сек;
 - абсолюттік рефрактерлік кезеңі – 1-2 мсек.
 - бұлшықет: - 250-330 имп/сек;
 - абсолюттік рефрактерлік кезеңі – 4-5 мсек
 - синапс: - 100-125 имп/сек;
 - абсолюттік рефрактерлік кезеңі – 8-10 мсек.